

THE SPIRIT OF THE MOUNTAIN



Алтын балқарағайдың кұпиясы

Каусар Анасбек





Биік Алтай тауларының етегінде кішкентай Алтынбек есімді бала тұратын. Ол күн сайын орманға барып, табиғаттың сұлулығына тамсануды жақсы көретін.



Бір күні ол басқа қарағайларға ұқсамайтын ерекше ағашты кездестірді. Бұл айбынды сібір балқарағайы еді, оның діңі мықты, ал бұтақтары кең жайылған болатын.



Көктем шыға балқарағай оянып, оның бұтақтарында жұп-жумсақ, ашық жасыл қылқандар пайда болды. Алтынбек оның нәзік жапырақтарын сипап, табиғаттың оянуын сезінді.



Жаздың ыстық күндерінде балқарағай орман жануарларына салқын сая сыйлады. Алтынбек ағаштың көлеңкесінде отырып, құстардың әнін тыңдап, демалатын.



Күз келгенде нағыз ғажайып басталды:
балқарағайдың жасыл қылқандары
жарқыраған алтын түске енді. Күн сәулесімен
шағылысқан ағаш бүкіл орманды
нұрландырып тұрғандай көрінді.



Басқа қылқан жапырақты ағаштар жасыл болып қалса, балқарағай өз қылқандарын жерге төге бастады. Алтынбек ағаштың астындағы алтын кілемнің үстімен жүріп, оның ерекшелігіне таңғалды.



Қыстың қаһарлы аязы мен қалың қары келгенде, балқарағай жалаңаш қалса да, еш қорықпады. Ол қатты желге төтеп беріп, өзінің мықтылығын көрсетті.



Алтынбек бұл ағаштың судан қорықпайтынын, тіпті суда жатып қатайып, тасқа айналатынын білді. Бұл балқарағайдың нағыз төзімділік символы екенін дәлелдеді.



Жел соққанда балқарағайдың бұтақтары сыбдырлап, Алтынбекке ежелгі таулардың хикаясын айтып бергендей болды. Бала ағаштан сабырлылық пен күш-қуат алуды үйренді.



Көп ұзамай күн жылынып, балқарағай қайтадан жасыл желекке оранды. Алтынбек табиғаттың осы бір мәңгілік айналымы мен алтын ағаштың құпиясын жүрегінде сақтап қалды.